

Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын және Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 тамыздағы N 1022 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1494 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.31 № 1494 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z100291 қараңыз

Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын және Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесін бекітсін.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 16 тамыздағы
N 1022 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын және Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді, мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

1. Осы Ереже пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс белгілерінің мемлекеттік кадастрын және Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін (бұдан әрі - Мемлекеттік кадастрлар) белгілейді.

2. Мемлекеттік кадастрлар жүргізу жер қойнауының Мемлекеттік қорының жағдайын есепке алу жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Мемлекеттік кадастрларды геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органы мен оның аумақтық органдары жер қойнауын геологиялық зерделеудің республикалық және аймақтық бағдарламаларын әзірлеу үшін, жер қойнауы мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды қамтамасыз ету және минералдық шикізатты ұтымды кешенді пайдалану мақсатында жүргізеді.

Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібі

4. Пайдалы қазбалар кен орындарының және көрініс-белгілерінің мемлекеттік кадастры (бұдан әрі - Мемлекеттік кадастр) әрбір кен орны және көрініс-белгілері бойынша негізгі және онымен бірге жатқан пайдалы қазбалардың, ондағы құраластарының саны мен сапасы, кен орнын игерудің тау-кен техникалық, гидрогеологиялық, экологиялық және басқа да жағдайлары, оны геологиялық-экономикалық бағалау туралы, пайдалы қазбалардың анықталған көрініс-белгілері мен адам денсаулығына ұдайы зиянды әсері бар элементтердің табиғи геохимиялық ауытқуларының болуы туралы мәліметтердің жүйеленген, ауық-ауық толықтырылып және нақтыланып отыратын жиынтығы (Мемлекеттік кадастр арқылы есепке алынып отыратын объектілердің паспорттары түрінде ресімделетін, бұдан әрі - паспорт) болып табылады.

5. Мемлекеттік кадастрда есепке алуға мыналар жатады:
мемлекеттік баланстарда есепке алынған пайдалы қазбалар қоры бар кен орындар ;

пайдалы қазбалар қоры пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік баланс есебінен алынған кен орындар ;

ірі кен орындарының геологиялық және кеңістік жағынан оқшауланған учаскелері ;

игерілетін кен орындарына өнеркәсіптік талаптарды қанағаттандыратын сапа жағынан (бағалы құраластарының болуына қарай) пайдалы қазбалардың кемінде бір денесінің (иірімі) болуы белгіленген қатты пайдалы қазбалардың

к ө р і н і с - б е л г і л е р і ;

Жерасты суларының барлық түрлерінің, сондай-ақ көпдебитті бұлақтар түріндегі көріністері, емдік балшықтар кен орны; пайдалы қазбалар қорлары С2 санаты бойынша бағаланған барлау жұмысының болашақты учаскелері; мұнай, газ көрініс-белгілері.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .
6 . < * >

Ескерту. 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

7. Паспорттар мынадай нысандардағы арнайы бланкілерде құрастырылады:

- А - металл пайдалы қазбалар кен орындары;
- Б - металл емес пайдалы қазбалар кен орындары;
- В - ұсақ тау жыныстары бар кен орындары;
- Г - қатты пайдалы қазбалар мен мұнай және газ көрініс-белгілері;
- Д - мұнай мен газ кен орындары;
- Е - көмір және жанар тақтатастар кен орындары;
- Ж - гидроминерал шикізатының кен орындары;
- З - жерасты суларының кен орындары;
- И - жерасты суларының көрініс-белгілері және болашақты учаскелер;
- К - шипалы балшық кен орындары;

8. Паспорттар геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органы құзыретті органдармен келісім бойынша әзірлеп, бекітетін нұсқаулық талаптарына сай толтырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

9. Паспорттарды меншік нысанына және жұмысты қаржыландыру көзіне қарамастан барлық жер қойнауын пайдаланушылар құрастырады, нақтылап, толықтырады . П а с п о р т :

мемлекеттік органдарында пайдалы қазбалар қоры қайта бекітілгенде; әзірлеменің жаңа технологиялық жобалары бекітілгенде толықтырылады.

10. Паспорттар үш данада құрастырылады: екі данасы - геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік орган үшін, үшіншісі - жер қойнауын пайдаланушы үшін.

11. Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органы паспорттардың дұрыс ресімделуі үшін жауап береді және:

жер қойнауын пайдаланушылардың паспорттарды геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға уақтылы беруін

б а қ ы л а у д ы ;

Мемлекеттік кадастр материалдарын жинауды, есепке алуды жүйелеу мен с а қ т а у д ы ;

есептеу техникасын пайдалана отырып Мемлекеттік кадастр деректерін өңдеудің автоматтандырылған жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін, оның негізінде жер қойнауын пайдаланушыларға анықтамалық-аппараттық қызмет көрсетуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

12. Алдын ала немесе толық барлау, сондай-ақ қосымша барлау мен сынама пайдалану жүргізілген кен орындары бойынша паспорттарды жер қойнауын пайдаланушылар барлау жұмыстары аяқталған соң және Қазақстан Республикасының Қорлар жөніндегі мемлекеттік комитетінде қорлар бекітілгеннен кейін құрастырады.

13. Жекелеген учаскелерінде алдын ала, толық барлау, қосымша барлау, тау-кен бөліндісінің шегінде барлау, қорларды қайта есептеу және басқа да жүргізілген жұмыстар кен орнының геологиялық құрылымы туралы түсінікті едәуір нақтылай түссе, игеріліп жатқан мұндай кен орындары бойынша паспорттарды жер қойнауын пайдаланушылар барлау жұмыстары аяқталып, Қазақстан Республикасының Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясында қорлар бекітілгеннен кейін тапсырады.

Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібі

14. Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі - Мемлекеттік кадастр) Қазақстан Республикасы Жер қойнауының мемлекеттік қорын құрайтын минералдық шикізатты өндіру мен өңдеудің қоймаға жиналатын қалдықтарының жай-күйі, оны пайдалану мен қорғау туралы жүйеленген, ауық ауық толықтырылып және нақтыланып отыратын бірегейлендірілген қысқаша мәліметтердің жиынтығы (Мемлекеттік кадастр есепке алатын объектілердің паспорттары түрінде ресімделетін, бұдан әрі - паспорт) болып табылады.

Мемлекеттік кадастр: техногендік минералдық түзілімдердің үлгісі мен түрін, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін сақтаудың тау-кен техникалық, экологиялық шарттарын, қоршаған табиғи ортаға әсерінің параметрлерін қ а м т и д ы .

15. Мемлекеттік кадастрада есепке алуға:

пайдалы қазбалардың кедей және кемеліне жетпеген рудалары, кен орындарын игерген кезде жер қойнауынан өндірілген ашық және сыйымды ж ы н ы с т а р ;

пайдалы қазбаларды байыту мен минералды шикізатты металлургиялық

қайта өңдеу қалдықтары жатады.

16. Паспорттар арнайы бланкілерде геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органы құзыретті органдармен келісе отырып әзірлеп, бекітетін Минералды шикізатты өндіру мен қайта өңдеу қалдықтарының Мемлекеттік кадастрын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес құрастырылады.

17. 1992 жылғы 30 мамырдан кейін қоймаланған техногендік минералдық түзілімдер бойынша паспорттарды меншік нысандарына және жұмыстарды қаржыландыру көздеріне қарамастан жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде шетел қатысатын жер қойнауын пайдаланушылар, шетелдік заңды және жеке тұлғалар құрастырады.

18. Паспортқа геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі мемлекеттік орган қол қояды. Төрт данада дайындалған паспорттың: екі данасы - геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға, үшіншісі - жер қойнауын пайдаланушыға, төртіншісі - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

19. Геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органы паспорттардың дұрыс ресімделуіне жауап береді және:

жер қойнауын пайдаланушылардың геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік органға уақтылы тапсыруына бақылау жасауды;

Мемлекеттік кадастр материалдарын жинауды, есепке алуды, жүйелеу мен сақтауды;

есептеу техникасын пайдалана отырып Мемлекеттік кадастр деректерін өңдеудің автоматтандырылған жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін, оның негізінде жер қойнауын пайдаланушыларға анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

2 0 . < * >

Ескерту. 20-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 749 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.